

Н.А. Бейсенбекова*, Л.К. Шотбакова, А.К. Тарыбаева

«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: nurapai@mail.ru, shotbakovazz@mail.ru, asswood@mail.ru.)

Қазақстан тарихы пәнінде Әлихан Бөкейханның рухани мұрасын оқытудағы кейбір инновациялық әдістер

Мақалада орта мектептің жаңартылған бағдарламасына сәйкес XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы тақырыбын оқыту барысында Алаш қозғалысының көсемі — Әлихан Бөкейханның еңбектерін талдау арқылы терең білім беруде инновациялық-ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдіс-тәсілдері баяндалды. Себебі XX ғасырдың басында өмір сүрген Алаш зиялыларының көсемі Әлихан Бөкейханның еңбектерінде отандық тарихтың дамуының болашағы туралы тұжырымдамалық методологиялық ой-пікірлері айтылған. Бүгінгі таңда еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуында оның пікірлерінің практикалық маңыздылығы зор. Қазақ халқының тарихында азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күрес ешқашан толастамағандығын жас ұрпаққа түсіндіру өзекті мәселе болып табылады. XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлт зиялылары Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көптен терезе теңестіруін көздейді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сонымен қатар, Әлихан Бөкейханның еңбектерінде көтерілген негізгі мәселелерді қазіргі кезде де маңыздылығын талдап, тарихи сабақтастығын көрсету барысында жаңа технологиялық әдістемелер арқылы оқытудың маңыздылығы осы мақаланың басты мақсаты.

Кілт сөздер: тарих, Алаш зиялылары, тұлға, ұлттық ұстаным, инновациялық технологиялар, «Prezi», «MindMeister», «LearningApps» бағдарламалары.

Kipicne

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани ояна бастауының кезеңі болды. Ресейдің өзінде саяси дағдарыс күшейді. Метрополиядағы саяси-экономикалық дағдарыс отарлық жүйедегі Қазақстан даласына әсерін тигізді. 1905–1907 жылдардағы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революциялық жағдай қазақ даласынан да көрініс тапты.

Отандық тарихта XX ғасырдың орны ерекше. Өйткені азаттық жолындағы күрестің жаңа кезеңі басталды. Бұл жолда Алаш зиялылары Тәуелсіздік үшін күрестің ұлттық демократиялық бейбіт жолын таңдаған еді. Сондықтан орта мектептің тарих оқулығындағы XX ғасырға байланысты тақырыптарды оқытқанда, осы кезеңнің ерекшелігіне арнайы тоқталып, жан-жақты талдау жасалу керек.

Ол жұмыс қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, XX ғасырдың басындағы шынайы ұлт көсемі, публицист, энциклопедист-ғалым Әлихан Бөкейханның рухани мұрасының бүгінгі күнмен сабақтастығын көрсетуден басталғаны дұрыс.

XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, Алаштың Әлиханы атанған Әлихан Бөкейханұлының рухани мұрасын отандық тарихтың дереккөздері ретінде қарап оқытудың өзектілігі даусыз.

Мақаланың басты мақсаты — ұлы тарихи тұлға Әлихан Бөкейханның 155 жылдық мерекесі аталып өтетін осы жылда ғана емес, жалпы оқу үрдісінде отандық тарихтың өзекті мәселелерін оқытуда оның еңбектерін пайдаланудың әдістемелік негіздерін көрсету.

Зерттеу әдістері

Тарихты оқытуда, зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылады. Соның бірі тарихи тұлғаны зерттеудегі жүйелеу, талдау, салыстыру, инновациялық әдістері. Бүгінде Қазақстан тарихын оқытуда қойылатын негізгі талап пен әдіс: тарихи мазмұн мен педагогикалық ойдың толықтығы; оның алға

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nurapai@mail.ru (Н.А. Бейсенбекова)

қойған мақсатқа сәйкестігі; білімнің ғылымилығы; тарихи деректердің анықтығы; түрлі білім көздерін қолдану. Оның ішінде отандық тұлғатанудың қазіргі заманғы методологиялық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, тарихи тұлғалардың қызметі мен тарихтағы алар орнын бағалаудың өлшемдерінің қалыптасуы тарих мазмұнын жаңалауда объективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осындай инновациялық ақпараттық әдіс-тәсілдердің бірі — «Prezi», «MindMeister», «LearningApps» бағдарламалары. «Prezi» бағдарламасы түрлі 3D презентациялар жасау үшін өте ыңғайлы. Бұл бағдарламаны тарих сабағындағы түрлі оқиғаларды баяндау, жобалық зерттеу жұмысын қорғау кезінде қолдануға болады. «MindMeister» ол интеллект картасы, ой картасы, яғни диаграмма түріндегі графикалық жазбаны қолдана отырып, тұжырымдамаларды құру әдісі. «LearningApps» — бұл әртүрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис. Осылайша тарихи тұлғалардың шығармаларын оқытудағы әртүрлі тәсілдерді пайдалану арқылы мақаланың мақсатына жетуге мүмкіндік болды.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Мақаланың мақсатына жету жолында тарихты оқытудағы жаңашылдыққа ерекше көңіл бөлінді. Соның ішінде жаңартылған білім мазмұнына сәйкес әдістемелік жүйенің спиральды, сараланған, тұлғалық қасиетті қалыптастыруға бағытталған, сын тұрғысынан ойлау технологиялары арқылы «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» атты бір тарау талданды.

Орта мектептің 8-сыныптарында оқытылатын Қазақстан тарихы пәніндегі негізгі тақырыптарды оқыту барысында Әлихан Бөкейхан еңбектеріне сүйеніп, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруға болады. Мектептегі тарих сабағының басында оның «Қазақстан тарихы» деген мақаласынан мына үзіндіні келтірсек: «... Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, қайда тұрғандығын, не істеп, не қоятындығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында келе, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс...» [1, 20]. Осы пікірдің ел Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Мектептерде пайдаланылатын тарих оқулықтарында бұрмаланған мәтіндер көп. Мен өзім кейбір оқулықтарды оқып, сапасының төмендігіне таңғалдым. Тарихи оқиғалар мен фактілер оқушыларға бұрмалаусыз жеткізілуі тиіс. Сол себепті «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша бірыңғай мектеп оқулығын әзірлеуді және енгізуді тапсырамын», — деген ұстанымымен сабақтасып жатқанын анық көрсетуге болады.

Орта мектептегі тарих оқулығындағы күрделі тақырыптардың бірі ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуы. Осы мәселелердің мәнін ашу кезінде Әлихан Бөкейханның Қазақстандағы саяси-идеялық ахуал туралы пікірі, ұсыныстары баяндалған «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» [2, 261] еңбегін пайдалану қажет. Бұл еңбектің мазмұнында мына оқиғалар түсіндіріледі: Ол 1906 жылы кадеттер партиясының орталық комитетіне мүше болып сайланған еді. Кадет партиясының бағдарламасының негізгі идеясы Ресейде парламенттік басқару жүйесін енгізуге бағытталған. Қазақ зиялылары парламенттік басқаруға көп үміт артты, оның болашағымен қазақ қоғамының саяси прогреске көтерілуін тікелей байланыстырды. Осыған орай 1905 жылы желтоқсанда Әлихан Бөкейханның басшылығымен Орал қаласында кадет партиясының қазақ қоғамындағы филиалы құрылды. 1906–1917 жылдар аралығындағы кадет партиясының талаптары Алаш зиялыларының пікірінше, басқа саяси партияларға қарағанда демократиялық, либералдық, реформалық сипаттарымен қазақ халқының мүддесіне, даму эволюциясына біршама жақын келді. Қазақ зиялылары да партияны құру арқылы парламенттік, конституциялық жолмен болашақта республика мәртебесі бар ұлттық автономияға қол жеткізуге болады деген пікірде болды.

Алайда, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, кадеттер партиясының басшылары, тек Польша мен Финляндияның ғана өзінің мемлекеттік құрылымын өзі шешу құқығын мойындап, Ресейдің құрамындағы басқа халықтардың жеке мемлекеттік, өзін-өзі билеу дәрежесіне өзі ие болуына үзілді-кесілді қарсы болды. Осыған байланысты Әлихан Бөкейхан былай деп жазды: «кадеттер партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де, жөн дейді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, Ұлт автономиясын тікпек болдық... біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Орысша оны «отделения церкви от государство» дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарады. Осы үш жол айырылғаны биыл жазда анық шықты. Мен содан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім...». Осы мақаланың

жазылу тарихына байланысты тарихи-саяси оқиғалар тізбегін түсіндіру оқушыларға тақырыпты меңгеруге көмек беретін сөзсіз.

Сонымен қатар, «XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» деп аталатын тараудағы негізгі сұрақтардың бірі мерзімді басылымдардың шығуы және оның тарихи маңызы. Осы мәселелерді оқыту барысында білім мен тәрбиені қатар беру үрдісі жүреді. Сондықтан да 1911–1915 жж. шығып тұрған «Айқап» және 1913–1918 жылдардағы «Қазақ» газеті сияқты басылымдарындағы Әлихан Бөкейханның рөлін көрсету өте орынды болады. Ол үшін «Қазақ» газетінің беттеріндегі ұлт болашағын ойлаған, жазған пікірлерін талдау арқылы тақырыпты ашуға болады. Осы арқылы сабақта ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру арқылы ХХІ ғасырдағы ақпараттық құралдардың тарихи маңыздылығымен байланыстыра түсіндіру керек.

8-сыныпта «XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан» тақырыбы бойынша қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру мақсатын түсіндірген кезде Әлихан Бөкейханның «Сайлау», «Саясат күйі», «Петроград хаты» [1, 177] деген танымдық, тәрбиелік мәні бар мақалаларын талдаған жөн. Мақаланың негізгі мазмұны Қазақ даласында үш жылда бір өтетін сайлаудың барысы жайлы Әлихан Бөкейхан оны былай түсіндіреді: «... сайлау сайың жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады... өстіп жұрт бүлінгендегісі не? Болыстық, билік, ауылнайлық, елбасылық... ары қарай қазақ сайлауын Европа сайлауымен салыстырып, болашақта білімді, оқыған, білетін адамдардың сайлауға қатысып, ел басқару ісіне араласқаны дұрыс», — деген пікір айтып, сайлаудың мағынасын түсіндіріп: «Болыс, би, ауылнай һәм елу басы болмақ...» жұрт үшін қылатын қызметі (яғни халыққа қызмет жасау — Авт.), ақыл да, ұсталық та (өз ісінің шебері, кәсібилік мағынасында — Авт.) оқумен, істеумен (тәжірибемен — Авт.) жүре ұлғаяды. «Дүниедағы жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады... Жұртқа ғаділ би пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін (парақор емес — Авт.), іс білетін (профессионал — Авт.), халық үшін жаумен айтысатын болыс пайдалы... Бұған ең құрметті ақсақал, ғаділ, жұрт қамшыл, сатылмайтын жөн білетін жақсыны сайлау керек» [3, 31]. Осы мақаланың бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін зор мәні бар екенін түсіндіргенде тақырып ашылады, оқушының білімінің өсуіне зор ықпал жасайды.

Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы экономикалық мәселелерге байланысты күрделі сұрақтарының бірі — қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстануы және қазаққа 15 десятинадан жер бөліп беру мәселесіне арналған. Тақырыптың негізгі мақсатына жету үшін оқулықтағы берілген материалдарды толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Көшпелі һәм отырықшы норма» деп аталатын еңбегіндегі патша үкіметінің қоныстандыру саясатының мәнін түсіндіретін ой-пікірін талдау керек. Сонымен қатар, оның «егер қазақ 15 десятинадан берілетін жерді алуға келіссе, қазақ жеріне келетін, қара шекпенділер (шаруалар — Авт.) саны өсе түседі, ал ол өз кезегінде қазақтың өз жерінде азшылыққа айналып, барлық құнарлы жерінен айырылатындығын» түсіндіріп жазғанын айту керек. Осы сұрақты толықтыра түсу үшін Әлихан Бөкейханның «Жауап хат» деген еңбегінен үзінді келтірсе болады. Мысалы, ол былай дейді: «сол 15 десятинадан жер алам десендер...». 1. Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспандар, ынтымақпен іс істендер. 2. Қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбайлы нашарларды жермен теңгеріңіздер (жер беріңдер — Авт.) ... 3. Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңізден адаспай, түзу істендер! Сіздер адассаңыздар, аттарыңнан адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар...». Оның осы ой-пікірінде ел ішіндегі жақсы, беделді, ауқатты адамдарды ұлтының қамын ойласын, үлгі берсін деген үндеу бар екенін түсіндіргенде, Әлихан Бөкейханның еш уақытта тек байлардың қамын ойлаған деген пікір қате, оның жаулары оған байшыл деп жала жапқаны көрінеді. Әлихан Бөкейханның осы жазған еңбектерін дұрыс түсіндіріп талдаса, тақырыптың мәнін ашуға мүмкіндік туады.

8-сыныпта оқытылатын Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбын оқытқанда, оқулықтағы Алаш зиялыларының көтеріліс туралы пікірлері, жазалаушы отряд, соғыс жайлы үстіртін берілген мәтіндерді толықтыру қажет. Ол үшін Әлихан Бөкейханның «Тағы да соғыс», «Қазақтан солдат алына ма?», «Күнбатыс майданынан», «Мәскеу хаты», «Бұратаналар тақырыбы», «Қазақ жұртына», «Алаштың азаматына» [4] деген мақалаларында берілген соғыстың шығу себебі, екі әскери одақтың құрылу тарихын сипаттай келе ол былай дейді: «...бұл соғысқа (1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс — Авт.) Россия кіретін болды. Россия кіріскен соң Германия амалсыз кіріскелі тұр. Австриямен әуелде жасасқан шарттары солай... Кім жықса да (жеңседе — Авт.) Еуропа, Азия жері қайта бөліске... салынар. Осындай зор саясат ісінен хабарсыз жату біздің оқушыларға жарайма?». Сөйтіп ол қазақ халқына газет арқылы бұл соғыстың әскери зардабын

түсіндірді. Сонымен қатар ол өзінің ойын тағы да жалғастырып, орыс казактарының әскерге алынуы жайлы баяндай келе, «қазақтар әскерге алынса, казактарға берілген жеңілдіктер болса... Бізге мұны бермес, берсе ұтылмаспыз... Саясат сөзімен қарасақ, үкімет бізді тым-тырыс отырсақта жаяу солдат қылатын көрінеді...», — деген. Сол кездегі нақты саяси жағдайды түсіне білгендіктен ол қазақ халқының босқа қырылудан сақтандыруды жөн санаған. Оның «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген басқа да мақалаларында және 1916 ж. 11 тамыздағы қазақ халқына жолдаған үндеуінде соғыстың мәнін ашып көрсеткен. Солардың мазмұнын талдау негізінде қазақ зиялыларының басты пікірін, халық үшін атқарған еңбегін көрсетуге болады.

1917 ж. ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері тақырыбын талдау барысында Әлихан Бөкейханның «Жер комитеті», «Торғай облысының мұжық қазағының съезі», «Алаш азаматтарына үндеу», «Мемлекет халі» [4, 379–381] деген «Қазақ» газетіне жарияланған мақалаларын талдау арқылы түсіндіруге болады. Сонымен бірге «Алаш ұлына» (ашық хат) атты мақаланы талдау арқылы қазақ халқының өзінің тәуелсіз ел болу жолын көрсеткендігін түсіндіруге болады: «Азаттықтың таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген құдайға мың шүкіршілік!» [4, 366–368].

8-сынып оқулығындағы «Алаш қозғалысы» және «Алаш партиясының құрылуы» деген тақырып бар. Осы тақырыпты түсіндіру барысында Әлихан Бөкейханның тарихи тұлғасын көрсетуде «Алаш партиясы», «Екінші жалпы қазақ съезі» атты мақалаларындағы партия бағдарламасын талдау қажет. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды. Бағдарлама 10 бөлімнен тұрады:

1. Мемлекет қалпы.
2. Жергілікті бостандық.
3. Негізгі құқық.
4. Дін ісі.
5. Билік хәм сот.
6. Ел қорғау.
7. Салық.
8. Жұмысшылар.
9. Ғылым-білім үйрету.
10. Жер мәселесі [5, 37].

Сонымен қатар, оның азаттық жолындағы күресте, қазақтың қамын ойлаған, болашағына сенген, өзге ұлт өкілдері мен достастығына тоқталып, олар туралы Әлихан Бөкейханның жазған еңбектерін талдаса дұрыс болады. Мысалы, оның «Г.Н. Потанин» деген еңбегі бар [6, 180]. Бұл еңбекте Алаш зиялыларының арманын, Алаш қозғалысының түпкі мақсаты қандай екенін, Потанин сөзімен берген: «... Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлттан құралған Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек. Қазақты автономия қылсақ. Қараөткел (қазіргі Астананың тұрған жері — Авт.) Алаштың ортасы, сонда университет салып қазақтың ұлын, қызық оқытсақ, Қозы-Көрпеш–Баянды шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Европа сонда білер еді-ау», — деген Потаниннің ой-пікірін береді.

XX ғ. басындағы қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдері тарауы бойынша оқушыларға тарихи тұлға туралы теориялық түсініктер беру керек. Ол үшін «Н. Нұрмақов — тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау» атты монографияның «Тарихи тұлға: теория және методология» атты бірінші тарауы оқытып, одан кейбір тұжырымдарды алған дұрыс. Бұл тарихи фактіні методологиялық тұрғыдан арнайы зерттегенде тұлғалардың тарихи рөлін ашуға мүмкіндік береді.

Осындай тұжырымды XX ғасырдың басында ақын С. Торайғыров айтқан:

Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
 Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
 Кешегі қара күнде болмап па еді,
 Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
 Солардан басқа кеше кім бар еді,
 Қазақ үшін шам қылған жүрек май [7, 26].


XX ғасырдың басында Қазақстанның саяси-экономикалық даму тақырыбын оқыту барысында оқытудың әртүрлі технологияларына сүйеніп, оқушыларға сапалы білім беру бүгінде басты мақсат, себебі бұл білімнің нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан Әлихан Бөкейханның еңбектері арқылы Қазақстан тарихын оқыту мен тәрбиелеу кезінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану, оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың танымдық және зерттеу қызметін тиімді ұйымдастыруына, шығармашылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақ барысында қолдануға болатын ақпараттық технологиялардың бірі — «Prezi» [8] бағдарламасы. «Prezi» бағдарламасында 3D эскиздерді қолдану арқылы Ә.Бөкейханның XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының дамуы туралы ой-пікірлерін түсіндіруге болады. Соның бірі Қарқаралы петициясы — Азаттық алу жолындағы алғашқы манифест (сурет 1).



Сурет 1. «Prezi» бағдарламасымен жасалған «Қарқаралы петициясы» жайлы мәлімет

Презентация барысында «Әлихан Бөкейхан — ұлт мақтанышы» атты монографияға шолу жасалады (сурет 2).



Сурет 2. «Prezi» бағдарламасымен жасалған Ә. Бөкейханның оқу-ағарту саласына байланысты пікірлері


Бұл бағдарламаны тарих сабағындағы Әлихан Бөкейханның тұлғалық бейнесін көрсету және жобалық зерттеу жұмысын қорғау кезінде қолдануға болады (сурет 3).



Сурет 3. «Prezi» бағдарламасымен жасалған Ә.Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған «Түрік баласы» мақаласы


Осы тақырыпты тереңдетіп оқыту үшін «MindMeister» [9] атты ақпараттық технологияны қолданған дұрыс. Оқушыларға «MindMeister» бағдарламасы жөнінде түсіндіргеннен кейін, «Әлихан Бөкейхан — Ұлы дала елінің жаңғырту жолын көрсетуші» тақырыбы бойынша тапсырма беріледі (сурет 4). Бұл тапсырма мынандай дескрипторлар бойынша орындалуы тиіс:

- XX ғасырдың басындағы Қазақстанның жағдайына шолу жасайды;
- Ә.Бөкейханның Қазақстанның XX ғасырдың басындағы саяси-экономикалық дамуы туралы пікірінен үзінді келтіреді;
- Ә.Бөкейханның жер мәселелесі жөнінде көзқарасын талдайды;
- Ә.Бөкейхан пікірі бойынша XX ғасырдың басындағы Қазақстанның дамуының жол картасын дайындайды.



Сурет 4. «MindMeister» бағдарламасы арқылы жасалған тапсырма

XX ғасырдың басындағы Қазақстан тақырыбы бойынша «LearningApps» [10] интерактивті оқу-әдістемелік қосымшасының бағдарламасын қолданып, үй тапсырмасын сұрауға болады. «LearningApps» құралдары әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік беретіндігін түсіндіріп, соның негізінде XX ғасырдың басындағы Қазақстанның дамуы туралы Алаш зиялыларының көзқарастарын викторина, сұрыптау, топтастыру, жіктеу, мәтінді енгізу, кроссворд, уақытша таспа және т.б. әдіс-тәсілдері арқылы үй тапсырмасын орындалуын тексеру қажет. Мысалы «Айқап» журналының жер туралы ұстанымы мен «Қазақ» газетіндегі Алаш зиялыларының көзқарастарын салыстыру қажет» (сурет 5), «Алаш зиялыларының оқу мен білім туралы пікірлерін сәйкестендір» деген (сурет 6) тапсырмаларын құрып, орындатуға болады.



Сурет 5. «LearningApps» бағдарламасымен жасалған салыстыру тапсырмасы



Сурет 6. «LearningApps» бағдарламасымен жасалған тапсырма

Қорытынды

Қорыта айтқанда «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» деп аталатын тақырыптың маңыздылығы — азаттық идеясының жаңаша сипат алғандығын жас ұрпаққа түсіндіру болды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуы XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының еңбектеріндегі көрсетілген басты ұстаным негіз болды. Соның нақты дәлелі Әлихан Бөкейханның мақалада талданған рухани мұрасы және өсиеттері бүгінгі күнмен сабақтастырылып берілді. Мысалы: «Ұлтына, жұртына қызмет ету — білімнен емес, мінезден», «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын».

Мақалада Ә. Бөкейханның ұлт қамын, ел болашағына алаңдаған ой-пікірлері талқыланып, оның әр еңбегі ұлттық идея, ұлттық санадан ешқашан айнымағандығы дәлелденді.

Алаш қозғалысы көсемінің ғибраты, жүріп өткен жолы, азаттық жолындағы күресі — тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған бүгінгі қазақ баласының үлкеніне де, кішісіне де тағылым болғандығы жаңа әдіс-тәсілдермен оқушыларға түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақ» газеті: Алаш азаматтарының рухына бағышталады / Құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. — 568 б.
- 2 Бөкейхан Ә. Шығармалары / Ә. Бөкейхан. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 384 б.
- 3 Бейсенбекова Н.А. Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы) / Н.А. Бейсенбекова, З.Ф. Сактағанова, Л.К. Шотбакова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 438 б.
- 4 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Т. 6 / Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. — Астана: «Сарыарқа», 2013. — 520 б.
- 5 Бейсенбекова Н.А. Әлихан Бөкейхан — ұлт мақтанышы / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова. — Қарағанды: Гласир, 2016. — 198 б.
- 6 Бейсенбекова Н.А. Қазақстан тарихының тарихнамасы / Н.А. Бейсенбекова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. — 250 б.
- 7 Бейсенбекова Н.А. Н. Нұрмақов — тарихи тұлға: деректік және тарихнамалық талдау / Н.А. Бейсенбекова, Г.М. Смағұлова, Л.К. Шотбакова. — Қарағанды: «Таис» баспаханасы, 2020. — 213 б.
- 8 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://prezi.com/dashboard/next/#/presentations>.
- 9 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.mindmeister.com/ru/mm/signup/basic>.
- 10 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://learningapps.org/>.

Н.А. Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова, А.К. Тарыбаева

Некоторые инновационные методики преподавания духовного наследия Алихана Бөкейхана по предмету «История Казахстана»

В статье проанализированы труды лидера движения Алаш Алихана Бөкейхана. В обновленной программе средней школы тематика, связанная с историей движения Алаш и деятельностью ее лидеров, изучается в курсе истории Казахстана начала XX века. На примере изучения данных тем авторами рассмотрены возможности использования различных приемов и методов инновационно-информационных технологий. Обращение к личности Алихана Бөкейхана обусловлено тем, что в его трудах, написанных в начале XX века, и сегодня авторы статьи находят актуальные с методологической точки зрения концепции развития отечественной истории. Его взгляды на социально-политическое, экономическое развитие Казахстана, на перспективу продолжают оставаться востребованными. Одной из важных задач в ходе изучения наследия интеллигенции Алаш является разъяснение учащимся, что представители движения Алаш боролись за свободу и независимость казахского народа. Главную цель они видели в сохранении казахской государственности. На основе трудов Алихана Бөкейхана авторы настоящей статьи приходят к выводу о том, что лидеры Алаш не были сторонниками насильственного преобразования традиций, обычаев, многовекового опыта развития казахского народа, напротив, выступали за дальнейшее поступательное развитие, использование опыта развитых стран, их знаний и достижений. Вместе с тем, анализ трудов Алихана Бөкейхана с использованием современных инновационных технологий дает возможность обосновать, что теоретическое и практическое значение его работ не утратило своей ценности и сегодня.

Ключевые слова: история, интеллигенция, Алаш, личность, национальные интересы, инновационные технологии, Prezi, MindMeister, LearningApps.

N.A. Beisenbekova, L.K. Shotbakova, A.K. Tarybayeva

Some innovative methods of teaching the spiritual heritage of Alikhan Bukeikhan on the subject of the history of Kazakhstan

The article analyzes the works of the leader of the movement Alash Alikhan Bukeikhan. According to the updated secondary school curriculum, topics related to the history of the Alash movement and the activities of its leaders are included in the history of Kazakhstan in the beginning of the XX century. On the example of studying these topics the possibilities of using various techniques and methods of innovative information technologies are considered. The appeal to the personality of Alikhan Bukeikhan is due to the fact that in his works, written at the beginning of the XX century, we find the concepts of the development of national history that are relevant today from a methodological point of view. His views on the socio-political, economic development of Kazakhstan in the future continue to remain relevant today. One of the important tasks in the study of the heritage of the Alash intelligentsia is to explain to students that they fought for the freedom and independence of the Kazakh people at the beginning of the twentieth century. The main goal was seen in the preservation of the Kazakh statehood. Analysis of the works of Alikhan Bukeikhan allows us to conclude that the leaders of Alash were not supporting the violent transformation of traditions, customs, centuries-old experience of the development of the Kazakh people, on the contrary, they advocated for further progressive development, the use of the experience of developed countries, their knowledge and achievements. At the same time, the analysis of the works of Alikhan Bukeikhan with the use of modern innovative technologies makes it possible to conclude that the theoretical and practical significance of his works has not lost its value today.

Keywords: history, Alash intelligentsia, personality, national interests, innovative technologies, Prezi, MindMeister, LearningApps.

References

- 1 Subkhanberdina, U., Dautov, S. (1998). «Qazaq» gazeti: Alash azamattarynyñ rukhyna bagyshtalady [“Kazakh” newspaper: dedicated to the spirit of Alash citizens]. — Almaty: Qazaq entsiklopediasy [in Kazakh].
- 2 Bukeikhan, A. (1994). Shygarmalary [Works]. Almaty: Qazaqstan [in Kazakh].
- 3 Beisenbekova, N.A., Saqtaganova, Z.G., Shotbaqova, L.Q. (2008). Saryarqanyn uly azamattary (XX gasyrdyn basy) [Great citizens of Saryarka (early XX century)]. Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].
- 4 Zhusip, S.A. (Eds.). (2013). Bukeikhan Alikhan Nurmukhameduly (1866–1937). (2013). Sygarmalarynyñ 9 tomdyq tolvaq zhinagy. 6-m. [Bukeikhan Alikhan Nurmukhamedovich (1866–1937). Complete collection of works in 9 volumes. Vol. 6]. Astana: «Saryarqa» [in Kazakh].

- 5 Beisenbekova, N.A., Smagulova, G.M., & Shotbakova L.K. (2016). Alikhan Bokeikhan — ult maqtanyshy [Alikhan Bokeikhan — the pride of the nation]. Qarağandy: Glasir [in Kazakh].
- 6 Beisenbekova, N.A. (2009). Qazaqstan tarikhynyn tarikhnamasy [Historiography of the history of Kazakhstan]. Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].
- 7 Beisenbekova, N.A., Smagulova, G.M., & Shotbakova, L.K. (2020). N. Nurmaqov — tarikhi tulga: derektik zhane tarikhnamalyq taldau [Nurmakov — a historical figure: documentary and historiographical analysis]. Qaragandy: “Tais” [in Kazakh].
- 8 Retrieved from <https://prezi.com/dashboard/next/#/presentations> [in Russian].
- 9 Retrieved from: <https://www.mindmeister.com/ru/mm/signup/basic> [in Russian].
- 10 Retrieved from <https://learningapps.org/> [in Russian].

Букеетов университет